

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 38/4 "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 57/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 6871 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 11/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 27.12.2023 № 11/4 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 маусымдағы № 38/4 шешіміне (2015 жылғы 14 шілде "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіzlіmінде № 3297 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы "2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2)

тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.";

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Әлеуметтік көмек азаматтарға осы Қағидаларға 3-қосымшаның 1) – 13) тармақшаларында көрсетілген негіздеме бойынша адамның (отбасының) ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет көрсетіледі.";

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 16) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, санаторийлік-курорттық емдеу құны мөлшерінде бір рет көрсетіледі.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;

3) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.";

мынадай мазмұндағы 16-2-тармақпен толықтырылсын:

"16-2. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 20) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, екі еселік ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.";

Қағидалардың 1, 3-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2 Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Жамбыл ауданы мәслихатының хатшысы

B. Волков

Б. Мусабаев

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл ауданы мәслихатының

2020 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 57/2 шешіміне

1 қосымша

Жамбыл ауданының әлеуметтік
көмек көрсетудің, оның

мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азamatтардың жекелеген
санаттарының тізбесін
айқындаудың қағидаларына
1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері

p/c №	Атаулы құндер, мереке құндерінің және әлеуметтік көмекті алушылар санаттарының атауы	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері
15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні		
1	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда); оку жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезденде жіберілген әскери міндеттілер; Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының</p>	Жылына 1 (бір) рет

	ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер	15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа да кезендерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігүі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
3	Басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қымылдарын жүргізу кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігүі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігүі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе кайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
5	1979 жылғы 1 желтоқсан – 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
	Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын коргауды күшайту жөніндегі	Жылyna 1 (бір) рет

7	мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері	15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
8	Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
9	Таулы Қарабахтағы этносаралық қактығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және катардағы құрамының адамдары	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

1	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар	Жылyna 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштері
2	Бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылар	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері

26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар	Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери	

2	мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары	Жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
3	Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары	Жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
4	Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ак қайтыс болуы белгіленген тәртіппен солардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары	Жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
5	1988-1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың салдарларын жоюға катысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар	Жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері

7 мамыр – Отан қорғаушы құні

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс	Жылына 1 (бір) рет
---	---	--------------------

	болжан) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрамадамдарының отбасылары	5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
9 мамыр – Женіс күні		
1	Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері	Жылyna 1 (бір) рет 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіштері
2	Майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың корғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетакы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткөрген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
3	Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың корғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетакы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
4	Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің	Жылyna 1 (бір) рет

	кұрамында полк балалары (5 (бес) айлық есептік тәрbiеленушілері) және юngалар ретінде болған адамдар	көрсеткіштері
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар кұрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының, Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
7	Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйімдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерьлердегі, геттолардағы	Жылyna 1 (бір) рет

	және басқа да мәжбүрлеп ұстай орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар	5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
9	Қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігіүі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудың ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
10	1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстония Кеңестік Социалистік Республикасы аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігіүі салдарынан мүгедек болған адамдар	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
11	Ұлы Отан соғысында каза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы корғаныстың объектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының каза тапқан жұмыскерлерінің отбасылары	Жылyna 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
	Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне тенестірілген адамның екінші рет	

12	<p>некеге тұrмagan жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруғa шалдығу, жұмыста мөртігү және басқa да себептер (құқыққa қайши келетіндерді коспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғan, Ұлы Отан соғысының қайтыс болғan қатысуышының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты корғaғаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұrғыны" белгісімен наградталғan азаматтың екінші рет некеге тұrмagan жұбайы (зайыбы)</p>	<p>Жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
13	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталғan адамдар</p>	<p>Жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құrbандарын еске алу күні		
1	<p>Бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшырағan және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдар</p>	<p>Жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғanғa дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: а) бұрынғы Кенестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кенес соттары мен басқa да органдардың қолдануы; б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы; в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шакырылғannан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы; г) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кенестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен</p>	

2	<p>оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ишкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ишкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы; д) Қазакстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, күғын-сұргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады</p>	<p>Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
3	<p>Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстанинан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар</p>	<p>Жылyna 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
4	<p>Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси күғын-сұргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ күғын-сұргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси күғын-сұргіндер құрбандарының балалары</p>	<p>Жылyna 1 (бір) рет 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіштері</p>

1	Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі үшін зейнеткағы тағайындалған адамдар, облыстық манзызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) күрметті азаматтары	Жылyna 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштері
2	Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері	Жылyna 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштері
3	"Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдар	Жылyna 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіштері

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2020 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 57/2 шешіміне

2 қосымша

Жамбыл ауданының әлеуметтік
көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін
айқындаудың қағидаларына

3-қосымша

Өмірлік қызын жағдай түсіндаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық;
- 4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру үйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру үйымдарында болуы;
- 5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 6) дene бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 8) жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарau;

10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;

12) пробация қызметінің есебінде болу;

13) адамның (отбасының) ең төмен құнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы;

14) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келуі;

15) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңының 4, 5, 6, 8-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың бағалы металдар мен металл керамикадан, металл акрилден жасалған протездерден басқа, тіс протездеуге мұқтаждығы;

16) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңының 4, 5, 6, 8-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың Қазақстан Республикасының санаторийлерінде және профилакторийлерінде санаторийлік-курорттық емделуге мұқтаждығы;

17) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңының 4-бабында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу үшін шығынның орнын толтыруға мұқтаждығы;

18) амбулаторлық емделуде жатқан азаматтарда туберкулездің белсенді түрінің болуы;

19) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 6 мамырдағы "Ардагерлер туралы" Заңының 4, 5, 6, 8-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдардың, сондай-ақ Семей ядролық полигоны аймағында зардал шеккендердің Қазақстан Республикасының аумағында теміржол, жолаушылар тасымалдайтын автомобиль көлігінің (таксиден басқа) бір түрімен жол жүргүй станциясынан ауруханаға жатқызылатын жерге дейін және кері жол жүргүгем мұқтаждығы;

20) балаларда адамның иммунитет тапшылығы вирусы тудыратын аурудың болуы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК